

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 20 қыркүйектегі  
№ 469 бұйрығына 93- қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 533-қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін  
«Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік  
оқу бағдарламасы

-тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Танымдық әрекеттерін түзету» курсының мақсаты - ақыл-ой кемістіктері бар білім алушылардың танымдық саласы мен потенциалдық мүмкіндіктерін дамыту, Бағдарламаны табысты меңгерулеріне жағдайлар жасау.

3. Пәннің міндеттері:

1) танымдық қызметінің дамуы мен білімдік қажеттіліктерінің ерекшеліктерін анықтау;

2) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жалпы даму деңгейін көтеру және мүмкіндіктерін жүзеге асыру;

3) танымдық уәждемесін қалыптастыру, сенсорлық-перцептивтік, мнемикалық және зерделік процестерін ынталандыру;

4) білім алушының танымдық белсенділігі мен дербестігін көтеру;

5) айналасындағы болмыстың толықтай және бүтіндей картинасы жайлы білім алушының түсінігін дамыту;

6) қажетті тіл икемділігін қалыптастыру арқылы ақпаратты түсіну, сақтау және өңдеу, адамдармен ақпарат алмасу процесін дамыту;

## Түсінік хат

**Тақырыптың өзектілігі:** Үйден оқитын оқушылардың таным қабілеттеріне зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, ойлауын, зейінін, ес қабілетін қиялын дамыту. Мүмкіндігі шектеулі балалардың тұрмыс тіршілігіндегі шектеулерді жою, оларды әлеуметтік ортаға бейімдей отырып оларға басқа азаматтармен бірдей қоғам өміріне қатынасу жағдайларын жасау.

**Зерттеудің мақсаты:** Үйден оқитын оқушының танымдық әрекеттерін түзету.

**Зерттеудің міндеттері:**

- Олардың психологиялық дағдыларын қалыптастыру;
- Өз-өзіне сенімділігін нығайту;
- Түрлі бұйымдардан бейне құрастыру арқылы бала бойындағы қабілеттерді ашу;

**Зерттеудің болжамы:**

- мүмкіндігі шектеулі бала ортада жеке тұлға ретінде қалыптасады;
- алдыға қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырады;
- оқушы жан-жақты көрінеді;
- психологтың потенциалдылық құзіреттілігі көрінеді;

**Психологиялық қызмет жүйесіндегі тиімділігі:** үйден оқитын оқушының танымдық әрекеттерін түзету үшін жинақталған әдістемелер жүйесі құрылады;

**Практика маңыздылығы:** әр әдістемені жүргізудің әдіс-тәсілдері әр қилы. Олай болса оқушы психологиялық көмекті барынша алып, өздеріндегі қиындықтарды жеңуге тырысады, “ашықтық” позициясы жүзеге асады.

**Тәжірибені өткізу әдістері:** Тест, сауалнама, ойын-жаттығулар, терапиялар, психоконсультация, психогимнастика, жобалау әдісі:

## Мазмұны

Әр адам қайталанбайтын тұлға болып есептеледі, сондықтан адам адамгершілік тұлғалық қарым-қатынасқа құқылы. Егемен еліміздің ақыл-ой, шығармашылық потенциалын өсіру бүгінгі күннің негізгі мақсаты болып табылады. Үйден оқитын балаларға оқу үрдісін қабылдау және танымдық қабілеттерін қалыптастыру қиындығы тән құбылыс. Осы орайда танымдық белсенділікті психологиялық-педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл даму мүмкіндігі шектеулі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты балалардың психологиялық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшелігін анықтауда жүргізілген жұмыстардың берері мол.

Бағдарлама аптасына 1 сағаттан 34 сағатқа жоспарланған. 4 тараудан тұрады. Бағдарламаның ұзақтығы 25-минут. Мүмкіндігі шектеулі оқушы. Мұнда оқушымен жүргізілетін әр түрлі әдістемелер алынған.



«Басқарманың»

Мектеп директоры: С.Ш. Қалиев

« 01 » 09 2023 ж

«Келісемін»

Мектеп директорының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а  
А.Қ. Қартен.

«31» 08 2023 ж

*«Қаражар орта мектебі» КММ*

*Тақырыбы*

*«Танымдық әрекеттерін түзету»*

*Психолог : А.С.Койшыбаева*

*Сынып: 6*

*Аптасына: 1 сағат*

*Жылдық сағат саны: 34*



«Танымдық әрекетін түзету»

Сынып 6

Аптасына 1 сағат оқу жылына 34 сағат

к/с	Сабақтың бөлімдері	Сабақтың тақыптары	Сабақтың мақсаты	Сағат саны	мерзімі
1	Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	1. Есту қабілетін дамыту	Сыбырлап сөйлегенді білу, өзінің сыбырлап сөйлеуі	1	1.09.2023
		2. Көру қабілетін дамыту	Бөліктен заттық суреттер құрастыру 6-8 бөліктен заттық суреттер құрастыру	1	8.09.2023
		3. Кеңістікте бейімделуін дамыту	Өз денесінің сызбасын бейімдеу ( жақынырақ оған карағанда)	1	15.09.2023
		4. Уақыттық бейімделуін дамыту	Уақыт өлшемдерін іс-әрекет түрлерінде қолдану	1	22.09.2023
		5. Дәм және иіс сезімін дамыту	Тағам құрамын дәміне қарай тану	1	29.09.2023
2	Қимыл-қозғалыс саласын дамыту	6. Ұсақ моториканы дамыту	Өз жұдырығын, саусақтарын укалау	1	7.10.2023
		7. Тіл мен ойлау қабілетін дамыту	Сыныптастардың іс-әрекет өнімдерін саралау	1	14.10.2023
		8. Қолмен ұстау, көру қабілетін дамыту	Заттарды көлемі және тұжырымдамалық сөзі бойынша топтастыру	1	21.10.2023
		9. Сөйлемді құрастыру қабілетін дамыту	Сөйлемдерді артынша келтіру	1	28.10.2023
1	Сенсорлық процестері	10. Есте сақтау қабілетін дамыту	Тақпақтарды жатқа айту	1	10.11.2023
	мен кеңістік	11. Есту қабілетін дамыту	Тілдік дыбыстар сипатын	1	17.11.2023

	бейімделуін дамыту		тыңдап ажырату (саны, күші, биіктігі, ұзақтығы, ырғағы)		
		12. Өз қабілетін дамыту	Өз күн тәртібін құру	1	24.11.2023
2	Қимыл-қозғалыс саласын дамыту	13. Дәм және иіс сезімін дамыту	Иістерге баға беру (жағымды-жағымсыз, сүйікті)	1	1.12.2023
		14. Ұсақ маторикасын дамыту	Майда заттарды әр-түрлі ұстау арқылы сұрыптау	1	8.12.2023
3	Зерде аясын дамыту	15. Жадын дамыту	Сөздер қатарын артынша келтіру (10 ға дейін)	1	15.12.2023
		16. Есте сақтау қабілетін дамыту	Сурет салу, мүсіндеу, тақтадан көшіру, үлгі бойынша құрастыру	1	22.12.2023
1	Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	17. Көру қабілетін дамыту	Заттар мен суреттердің ұқсастықтарымен айырмашылықтарын табу	1	12.01.2324
		18. Көріп тұрып қабылдау	Кеңістіктегі күйді ажырата білу: тік. Көлденең, қиғаш	1	19.01.2024
		19. Уақыттық бейімделуін дамыту	Оқиғаларды басынан аяғына қарай суреттеу	1	26.01.2024
		20. Өз қабілетін дамыту	Өз күн тәртібін құру	1	2.02.2024
2	Қимыл-қозғалыс саласын дамыту	21. Дәм және иіс сезімін дамыту	Иістерге баға беру (жағымды-жағымсыз, сүйікті)	1	9.02.2024
		22. Қолмен ұстау арқылы сезімін дамыту	Сүйектерді іріктеу, қақпарды бұрап жабу, қарындаштарды ауыстырып қою	1	16.02.2024
		23. Қол, көз (ұстау, көру) сезімін дамыту	Ленталарды бұрау, түймелерді ілу	1	23.02.2024
3	Зерде аясын	24. Жадын дамыту	Сөздер қатарын артынша	1	1.03.2024

	дамыту		келтіру (10-ға дейін)		
		25-26. Ой мен сөз қабілетін дамыту Зейінін дамыту	Заттарды қолдану тәсілдерін білу Сөздегі немесе алфавиттегі әріптерді берілген реті бойынша және артқа қарай атау	1	15.03.2024(8.03.2024)
1	Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту	27.Уақыттық бейімделуін дамыту	Өз туылған күнін күнтізбеден табу	1	5.04.2024
		28. Менің қолымнан келеді, ұстау, көру сезімін дамыту	Екі қолды тиімді пайдалану	1	12.04.2024
2	Қимыл-қозғалыс саласын дамыту	29.Мен ойлаймын, жасаймын қабілетін дамыту	Заттардың орналасуынан өзгерістерді табу	1	19.04.2024
		30. Тіл мен ойлау қабілетін дамыту	Өз өміріндегі оқиғаларды айту	1	26.04.2024
		31. Қиялын дамыту	Заттар, фигуралар, жануарлар суретін аяқтап салу	1	2.05.2024
3	Зерде аясын дамыту	32-33. Зейінін дамыту	Сандарды , әріптерді, геометриялық фигураларды белгілі ретпен орналастыру Басынан аяғына дейін көзбен шолу	1	16.05.2024(9.05.)_
		34.Зейінін дамыту	Фигураларды берілген үлгі бойынша бояу және штихтау	1	23.05.2024